

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 1

Таушық ауылы
29 тамыз 2025
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 10
Қатыспағаны – 0

Күн тәртібінде
Тақырыбы: «Білім келешегі»

1. 2025 – 2026 оқу жылының жылдық жоспарын талқылау, бекіту.
-перспектива, циклограмма бекіту.
2. 2024 жыл 30 шілдедегі №194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қортынды есебін таныстыру.
4. Топтардың жабдықталуы, жаңа оқу жылына дайындығын салыстырмалы тексеру қорытындысы.
5. Тренинг.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі I-мәселе бойынша бөбекжай директоры А. Е. Баянова сөйледі.

Құрметті әріптестер 2025-2026 жаңа оқу жылын бастағалы отырмыз. Жаңа оқу жылына сәттіліктер тілейміз.

Сөйлеу әдіскер: А. Жаксылыкова. Алдымен 2025-2026 оқу жылына арналған жылдық жоспарымызға тоқталайық. Жылдық жоспардың құрылымы, негізгі мақсаттары мен міндеттерін таныстырды. Оқу-тәрбие жұмысының циклограмма мен перспективалық жоспары талқыланды. Педагогтер тарапынан ұсыныстар айтылып, жоспар бөлімдерін нақтылау қажеттігі айтылды.

Күн тәртібіндегі II-мәселе бойынша директор А. Баянова.

«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны мен тақырыбында айтты. 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрық негізінде енгізілген жаңартуларды түсіндірді. Бағдарламаның негізгі принциптері, құндылық бағыттары, тәрбие жұмысына қойылатын талаптар мен қолдану әдістері қарастырылды. Педагогтер бағдарлама мазмұны оқу жылы бойына жүйелі қолдану бойынша пікір алмасты.

Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытынды есебі бойынша әдіскер А. Жақсылықова сөйледі. Жазғы маусымдағы іс-шаралардың ұйымдастырылуы, балалардың қатысу деңгейі, тазалық пен денсаулыққа бағытталған жұмыстардың орындалуы айтылды. Сауықтыру жұмыстарының нәтижелері, тиімділігі, алдағы уақытта жасалатын жұмыс бағыттары да айтылды.

Сұрақ болған жоқ.

Төртінші мәселе бойынша бөбекжай медбикесі Т. Сукарова сөйледі. Бөбекжай топтарында жаңа оқу жылына жабдықталуы, дайындығы жақсы. Тексеру комиссиясы жүргізген сараптама нәтижесінде топтардың санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкестігі, көрнекіліктер, қажетті құралдардың толық болуы талқыланды.

Тренинг. Бөбекжай психологы Г. Жамишова педагогтерге психологиялық қолдау көрсету оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыру бағытында ынтымақтастықты арттыру мақсатында тренинг ұйымдастырып өткізді. Барлық педагог тәрбиешілер ұйымшылдықпен қатысып, бірлескен тапсырмалар орындап, кәсіби қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған жаттығуларды қызыға орындады.

Шешім

Күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып, төмендегі шешім қабылданды.

1. 2025 – 2026 оқу жылының жылдық жоспары, перспективалық жоспар, циклограмма педагогикалық кеңес тарапынан талқыланып бекітілсін.
2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны оқу-тәрбие үрдісінде барлық бағыттар бойынша жүйелі қолданылсын.
3. Жазғы сауықтыру жұмыстарының есебі қанағаттандырылғы деп танылды.
4. Келесі оқу жылына толықтырулар енгізілсін.



Кеңес төрайымы:

А.Баянова

А. Жақсылықова

ТРЕНИНГ: «Психологиялық жайлылық және сергу сағаты»

Бөбекжай психологы: Жамишова Гүлжихан

Мақсаты: Педагогтардың эмоционалдық күйзелісін және шаршауын басу, тәрбиешілер ұжымындағы ауызбіршілікті, сенімділікті арттыру, позитивтік ойлауды дамыту.

⌚ 1-кезең: Бой сергіту және танысу (5 минут)

Жаттығу: «Көңіл-күйімнің түсі қандай?»

- Мақсаты: Педагогтардың тренинг алдындағы ішкі эмоционалдық күйін анықтау және еркін атмосфера орнату.
- Барысы: Психолог тәрбиешілерге шеңбер бойымен тұруды ұсынады. Әр тәрбиеші кезекпен: «Менің қазіргі көңіл-күйім қызғылт сары түс сияқты, өйткені мен бүгін қуаныштымын...» немесе «Менің көңіл-күйім сұр түс сияқты, өйткені мен сәл шаршап тұрмын...» деп өз күйін бір түспен сипаттайды.
- Психологтың сөзі: «Құрметті әріптестер, бүгін біз жұмысты, балаларды, есептерді бір сәтке ұмытып, тек өзімізге уақыт бөлеміз. Бүгінгі түсіміз қандай болса да, тренинг соңында ол ашық әрі жарқын түске ауысады деп сенемін».

⌚ 2-кезең: Негізгі бөлім – Психологиялық релаксация (15 минут)

1-жаттығу: «Сенім соқпағы» (Топты біріктіру)

- Мақсаты: Ұжым ішіндегі өзара сенімділікті арттыру, жауапкершілікті сезіну.
- Барысы: Тәрбиешілер екі-екіден жұптасады. Серіктестердің бірі көзін жұмады (немесе матамен байлайды) — ол «жолаушы». Екінші тәрбиеші — «жолбасшы». Жолбасшы көзі жұмулы әріптесінің қолынан ұстап, бөлме ішіндегі түрлі кедергілерден (орындықтар, үстелдер) ақырын сөйлесе отырып, қауіпсіз өткізіп шығуы тиіс. Содан кейін орын алмасады.
- Талқылау: Көзіңіз жұмулы болғанда қандай сезімде болдыңыз? Әріптесіңізге сене алдыңыз ба?

2-жаттығу: «Қағаз парағы» (Күйзелісті, негативті сыртқа шығару)

- Мақсаты: Іште жиналған ренішті, шаршауды, агрессияны қауіпсіз жолмен жою.
- Барысы: Психолог әр тәрбиешіге бір-бір ақ қағаз таратады. Нақты нұсқау береді: «Енді осы қағазға іштеріңіздегі барлық шаршауды, мазасыздықты, ренішті, жиналып қалған стрессті елестетіңіздер. Оны бар күштеріңізбен умаждаңыздар, жыртыңыздар, таптаңыздар». Тәрбиешілер қағазды умаждап болған соң, психолог ортаға қоқыс жәшігін қойып: «Енді осы мазасыздықтың бәрін қоқысқа лақтырып, өзімізді жеңіл сезінейік» дейді.

- Тиімділігі: Бұл — арт-терапияның ең жылдам әрі нәтижелі әдісі. Тәрбиеші дене қимылы (уқалау, жырту) арқылы бойындағы негативті энергетиканы шығарады.

✳ 3-кезең: Рефлексия және өзін-өзі бағалау (7 минут)

Жаттығу: «Күн шуағы» (Позитивті терапия)

- Мақсаты: Тәрбиешілердің өзіне деген сенімділігін арттыру, өздерінің жақсы қасиеттерін еске түсіру.
- Барысы: Әр тәрбиешіге күннің суреті салынған қағаз беріледі. Күннің ортасына тәрбиеші өз есімін жазады. Ал күннің әрбір шашыраған шуағына (лучи) өзінің ең жақсы, мықты қасиетін жазуы керек (мысалы: меірімдімін, сабырлымын, әдемімін, жауаптымын, креативтімін т.б.).
- Психологтың сөзі: «Қараңыздаршы, сіздердің әрқайсысыңыз — айналаға жылу шашатын күнсіздер. Осы қасиеттеріңізді ешқашан ұмытпаңыздар».

§ 4-кезең: Қорытынды (3 минут)

Жаттығу: «Жүректен жүрекке»

- Барысы: Тәрбиешілер қайтадан шеңберге тұрады. Психолог қолдарына жұмсақ ойыншық жүрекшені (немесе шарды) ұстайды. Ойыншықты қасындағы әріптесіне бере отырып: «Мен сізге бүгін тек күлкі тілеймін», келесісі: «Мен сізге сабырлық тілеймін» деп, бір-біріне психологиялық қолдау сөздерін айтады.

Құрметті тәрбиешілер!

Балардың бақытты болуы — тікелей сіздердің көңіл-күйлеріңізге байланысты. Егер сіздер күлімдеп, бақытты болып жүрсеңіздер, топтағы балалар да өзін жайлы сезінеді. Алдымен өзіңізді жақсы көріңіздер, өзіңізге күтім жасаңыздар. Бүгінгі тренингке қатысқандарыңыз үшін рақмет!

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 2

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 10
Қатыспағаны – 0

20 қараша 2025

Күн тәртібінде


1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Баяндама «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі»
3. Күн тәртібіндегі серуен орындалысын талдау.
4. Педагогтардың шығармашылық жұмыстарынан көрме.
5. Тренинг.

Тындалды

Күн тәртібіндегі I-мәселе бойынша бөбекжай директоры, әдіскері өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Ақпарлама нәтижесінде жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған іс-шаралардың уақытында және жүйелі түрде жүргізіліп отырғаны, педагогтердің жүктелген міндеттерді жауапкершілікпен орындағаны атап өтілді. Сонымен бірге құжаттарды жүргізу, оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы және бақылау нәтижелері талданып, алдағы уақытта атқарылған жұмыстарға ұсыныстар берілді.

Баяндама «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі» тындалды. Педагог К. Ходжа-Ахметова «Отбасы тәрбиенің алтын бесігі» тақырыбында мазмұнды баяндама жасап, отбасындағы тәрбиенің баланың тұлғалық дамуына тигізетін ықпалына тоқталып өтті. Баяндамада ата-ананың жауапкершілігі, ұлттық құндылықтары, отбасындағы тәрбиенің, баланың тұлғалық дамуына тигізетін ықпалына тоқталды. Отбасындағы қарым-қатынастың бала тәрбиесіндегі рөлі жан-жақты түсіндірілді. Сондай-ақ бөбекжай мен отбасы арасындағы өзара байланыс пен ынтымақтастықты нығайтудың өте маңызды екені айтып өтілді.

Күн тәртібінде 3-мәселе серуен орындалысын талдау. Тындалды. Топ тәрбиешілері тарапынан күн тәртібіндегі серуен жұмыстарын ұйымдастыру барысы жайында мәлімет берілді. Серуен кезінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай ойындар, қозғалыс белсенділігі дұрыс ұйымдастырылғаны және де қауіпсіздік талаптарының сақталғаны туралы

Бекітемін: 
«Күншуақ» жекеменшік
бөбекжай-бақшасы
әдіскері А. А. Жаксылыкова

Баяндама тақырыбы:
«Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі»

Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова Камшат

Қараша айы 2025 жыл

Баяндаманың мақсаты: Мектепке дейінгі жастағы баланың тұлғалық және адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудағы отбасы тәрбиесінің рөлін айқындау; бөбекжай мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту және ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру.

I. КІРІСПЕ: Отбасы – тұлға қалыптасуының бастауы

Қадірлі әріптестер және ата-аналар!

«Отан — отбасынан басталады» дейді халқымыз. Адам баласының көзін ашып, дүниені танытын, алғашқы тәрбие нәрін алатын қасиетті мекені — ол отбасы. Баланың өмірге келген сәтінен бастап бойында пайда болатын алғашқы мінез-құлық дағдылары, адамгершілік қасиеттері, тіпті дүниетанымы да тікелей ата-ананың үлгі-өнегесімен қалыптасады.

Мектепке дейінгі жастағы бала — дәл бір аппақ қағаз сияқты. Сол қағазға алғашқы өмірлік суретті салатын да, оның мазмұнын айқындайтын да — отбасы құндылықтары. Сондықтан бөбекжайдағы тәрбие мен отбасындағы тәрбие егіз ұғым секілді бір-бірімен тығыз байланыста дамығанда ғана, біз толыққанды, саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ: Отбасы тәрбиесінің негізгі дінгектері

Мектепке дейінгі кезеңде баланың жан-жақты дамуына ата-ананың ықпалы бірнеше бағытта көрініс табады:

1. Ата-ананың жеке үлгісі (Өнеге мектебі)

Бала — естігенін емес, көргенін істейді. Әке мен ананың өзара сыйластығы, үлкендерге деген құрметі, сөйлеу мәдениеті баланың ішкі әлемінде автоматты түрде көшіріледі (модельденеді). Егер отбасында жылылық, түсіністік пен мейірімділік орнаса, бала да айналасына мейіріммен қарайтын, өзіне сенімді тұлға болып өседі.

2. Ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүр (Рухани тәрбие)

Дана халқымыз баланы бесіктен бастап тәрбиелеген. Салт-дәстүр арқылы берілетін тәрбиенің орны бөлек:

- **Ана тілі мен ертегілер:** Отбасында ана тілінде сөйлеу, ұйықтар алдында ертегі айту — баланың қиялын дамытып, сөздік қорын байытады, жақсы мен жаманды айыруға үйретеді.
- **Еңбек тәрбиесі:** Баланың жас ерекшелігіне қарай үй шаруасына көмектесуі (ойыншықтарын жинау, гүлге су құю) оны жауапкершілікке, еңбекқорлыққа баулиды.

3. Баланың эмоционалдық саулығы

Қазіргі таңдағы өзекті мәселе — ата-аналардың жұмысбастылығы мен баланың гаджеттерге (телефонға) тәуелділігі. Балаға ең бірінші керегі — қымбат ойыншық емес, ата-ананың сапалы уақыты (бірге ойнау, әңгімелесу, серуендеу). Отбасындағы психологиялық қолдау баланы болашақтағы күйзелістерден қорғайды.

III. БӨБЕКЖАЙ МЕН ОТБАСЫНЫҢ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Бөбекжай тәрбиешісі ретінде менің басты мақсатым — ата-ананы балабақшаның «бақылаушысы» емес, тәрбие үрдісінің белсенді

қатысушысы әрі серіктесі ету. Осы бағытта біздің бөбекжайда келесідей жүйелі жұмыстар жүргізіледі:

- **«Үштік одақ» (Тәрбиеші — Бала — Ата-ана):** Баланың даму картасы, оның жетістіктері мен психологиялық ерекшеліктері ата-анамен бірлесе талқыланады.
- **Бірлескен іс-шаралар:** «Әкем, шешем және мен», «Шебер қолдар» көрмелері, ата-аналардың қатысуымен өтетін этно-жобалар отбасы мен балабақша арасындағы алтын көпір іспетті.
- **Консультациялық көмек:** Ата-аналарға баланың жас дағдарыстары (кризистері), қорқыныштары мен мінез-құлық ерекшеліктері бойынша тәрбиешілік және психологиялық кеңестер беріліп тұрады.

IV. ҚОРЫТЫНДЫ

Отбасы — бала үшін ең алғашқы әлеуметтік орта, мемлекеттің кішігірім бейнесі. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, бүгін біз отбасымен бірлесіп баланың бойына қандай ізгілік нәрін ексек, ертең соның жемісін көреміз. Балабақша мен алтын бесік — отбасының тәрбиелік мақсаттары бір арнаға тоғысқанда ғана ұрпағымыз салауатты, саналы, ұлтжанды болып өспек. Әрбір шаңырақтың бесігі бақытқа, мейірімге кенелсін!

Назар аударып тыңдағандарыңызға рақмет!

ӘРІШТЕСТЕРМЕН ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ (ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМ)

Баяндамадан кейін тәрбиешілермен кері байланыс жасау және тәжірибе бөлісу құралдары:

«Ата-анамен жұмыстың тиімді әдістері» (Кейс-стади)

Тәрбиешілерге ата-аналармен байланыс орнатуда кездесетін қиындықтарды шешуге арналған ситуациялық сұрақтар ұсынылады:

Жағдаят: «Анасы баланы балабақшаға әкелгенде үнемі қолына телефон ұстатып қояды, бала топқа кіргісі келмей жылайды. Анасы: "Менің уақытым жоқ, тынышталдырудың жалғыз жолы осы" дейді. Тәрбиеші ретінде ата-анаға отбасылық тәрбие мен телефонның зияны туралы қалай дұрыс түсіндіресіз?»

Тәрбиешілердің бірлескен шешімі: Ата-анаға ұрыспай, оның орнына «Жолдағы 5 минут» ережесін ұсыну. Телефонның орнына анасы баламен жолда келе жатып санамақ айту, қоршаған ортаны (ағаштарды, машиналарды) санау арқылы баланы қызықтыру әдісін үйрету.

ТРЕНИНГ: «Бірлік бар жерде — береке бар»

Бөбекжай психологы: Жамишова Гүлжихан

Мақсаты: Бөбекжай педагогтері арасындағы өзара қарым-қатынасты нығайту, кәсіби ынтымақтастықты арттыру және ұжымда жағымды, қолдаушы психологиялық ахуал қалыптастыру.

⌚ **1-кезең: Танысу және Жағымды ахуал қалыптастыру (7 минут)**

Жаттығу: «Жылы лебізді комплимент»

- **Мақсаты:** Ұжым мүшелерінің арасындағы тосқауылдарды жою, жағымды эмоционалды климат құру.
- **Барысы:** Барлық тәрбиешілер шеңбер құрып отырады. Психолог қатысушыларға кезекпен көршісінің тек кәсіби емес, жеке адами қасиеттеріне тоқталып, шынайы комплимент айтуды ұсынады. Мысалы: «Анара, сіздің ұстамдылығыңыз бен кез келген жағдайда сабыр сақтай алатыныңыз маған өте ұнайды» немесе «күлкіңіз топқа әрдайым жылулық әкеледі».
- **Психологтың сөзі:** «Құрметті әріптестер! Біздің күнделікті жұмысымыздың сапасы осы шеңбердегі жылылықтан басталады. Бір-біріміздің жақсы қасиеттерімізді көре білу — мықты ұжымның белгісі».

⌚ **2-кезең: Кәсіби ынтымақтастықты арттыру (18 минут)**

Жаттығу: «Ортақ үй тұрғызу» (Топтық ынтымақтастық)

- **Мақсаты:** Оқу-тәрбие үрдісін жүйелі ұйымдастыруда бірлесе әрекет етуді, бірін-бірі сөзсіз түсінуді дамыту.
- **Барысы:** Тәрбиешілер бірнеше шағын топқа бөлінеді. Әр топқа бірдей материалдар жиынтығы беріледі: түрлі-түсті қағаздар, желім, қайшы, мата қиындылары, жіптер. Тапсырма — 10 минут ішінде бірлесіп «Болашақтың тамаша бөбекжайын» құрастыру (макетін жасау).
- **Маңызды шарт:** Ойын барысында қатысушыларға мүлдем сөйлесуге болмайды. Олар тек ым-ишарамен, көзқараспен түсінісіп, жұмысты өзара бөлісуі тиіс.
- **Психологиялық талқылау:**
 - Сөйлеспей жұмыс істеу қиын болды ма?
 - Топ ішінде өз рөлдеріңізді (кім қиды, кім желімдеді) қалай анықтадыңыздар?
 - Қорытынды: Бұл жаттығу жұмыстағы сөзсіз түсіністік пен ұйымшылдықтың маңыздылығын көрсетеді.

⌚ **3-кезең: Өзара қарым-қатынасты нығайту (10 минут)**

Жаттығу: «Қолдау белгісі» (Эмоционалдық серпіліс)

- **Мақсаты:** Педагогтердің бір-біріне деген сенімін арттыру, психологиялық қолдау көрсету.

- **Барысы:** Әр тәрбиешінің арқасына (киіміне) бір ақ қағаз қыстырылады. Қатысушылар бөлме ішінде маркермен еркін жүріп, әріптестерінің арқасындағы қағазға олар туралы тек жақсы пікірлерін, алғыстарын немесе тілектерін жазады (мысалы: «Сізбен жұмыс істеген маған ұнайды», «Көмегіңіз үшін рақмет», «Үнемі қолдайтыныңызға рақмет»). Жазып болған соң қағаздар алынып, әркім өзіне жазылған жылы сөздерді оқиды.
- **Тиімділігі:** Бұл жаттығу педагогтың өзіне деген сенімділігін оятып, ұжым ішінде өзінің қаншалықты маңызды орында екенін сезіндіреді, ішкі реніштерді жояды.

§ 4-кезең: Рефлексия және Қорытынды (5 минут)

Жаттығу: «Ынтымақтастық шеңбері»

- **Барысы:** Тәрбиешілер қол ұстасып, шеңберге тұрады. Психолог тренингті қорытындылайды.

Құрметті ұстаздар, бүгінгі тренингте сіздер тек әріптес қана емес, бір-біріне тірек бола алатын үлкен бір отбасы екендіктеріңізді дәлелдедіңіздер. Бөбекжайдағы жағымды психологиялық ахуал — балалардың дамуы мен сіздердің шығармашылық табыстарыңыздың негізі. Қолдарыңыздың жылуы, жүректеріңіздің мейірімі ешқашан сөнбесін. Бірлігіміз бекем болсын! Қатысқандарыңыз үшін рақмет!

«Күншуақ» жекеменшік бөбекжай-бақшасы
Педагогикалық кеңес
Хаттама № 3

Таушық ауылы
Қ.Жұбайұлы №33
Қатысқаны – 11
Қатыспағаны – 1

29 қаңтар 2026

Күн тәртібінде

1. Өткен педкеңес шешімінің орындалуының есебі.
2. Бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған қызметтерінің орындалысы.
3. Ойын жаттығулар.
4. Экологиялық мәдениет.

Тыңдалды

Күн тәртібіндегі I-мәселе бойынша өткен педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы әдіскер А. Жақсылықова есеп берді. Есеп барысында педагогтерге қойылған міндеттердің уақытылы орындалғаны атап өтілді.

Атап айтқанда:

- оқу іс-әрекеттерін жоспарлау талапқа сай жүргізілген.
- балалардың танымдық, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған.
- ата-аналармен байланыс жұмыстары күшейтілген.
- педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ашық оқу іс-әрекеттері өткізілген.

Жалпы алғанда өткен пед кеңес шешімдерінің басым бөлігі орындалғаны анықталды. Қорытындылай келе өткен педагогикалық кеңестің шешімдері қанағаттанарлық деңгейде орындалды.

2-мәселе бойынша тыңдалды.

Әдіскер А. Жақсылықова бірінші жарты жылдықтағы топтардың ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінің орындалуына талдау жасады.

Талдау нәтижесінде:

- барлық жас топтарында оқу іс-әрекеттері жылдық жоспар бойынша жүргізілгені.
- балалардың жас ерекшеліктеріне сай әдіс-тәсілдер қолданғаны.
- сөйлеуді дамыту, математика негіздері, шығармашылық және дене шынықтыру бағыттары бойынша оң нәтижелер байқалғаны айтылды.

Сонымен қатар кейбір топтарда көрнекіліктерді тиімді пайдалану және ойын технологияларын көбейту қажеттігі ұсынылды.

3-мәселе бойынша тыңдалды.

Тәрбиеші Ходжа Ахметова Камшат ойын жаттығуларының бала дамуына әсері туралы баяндама жасады. Ойын жаттығулары барысында:

- балалардың ойлау қабілеті
- зейіні мен есте сақтау қабілеті
- қарым-қатынас дағдылары
- қимыл белсендігі дамитыны атап өтілді.

Тәрбиешілер тәжірибесінде дидактикалық қимылды және рөлдік ойындардың тиімді қолданылып жатқаны жайында толығымен айтылды.

4-мәселе бойынша тыңдалды.

К. Б. Сатыбалдиева балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жұмыстары туралы баяндады. Балабақшада:

- табиғатты қорғау туралы әңгімелер
- бақылау жұмыстары
- табиғат бұрышындағы еңбек
- экологиялық акциялар мен серуендер ұйымдастырылғаны айтылды.

Балаларды табиғатқа жанашырлықпен қарау, өсімдіктер мен жануарларға қамқорлық жасау дағдыларының қалыптасып келе жатқаны байқалды.

Педагогикалық кеңестің шешімі

1. Өткен педагогикалық кеңес шешімдердің орындалысы қанағаттандырарлық деп есептелсін.
2. Бөбекжай топтарындағы ұйымдастырылған оқу қызметтерінің сапасын арттыру жалғастырылсын.
3. Ойын технологиялары мен ойын жаттығулары оқу қызметтерінде тұрақты қолданылсын.
4. Балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар күшейтілсін.
5. Педагогтер тәжірибе алмасу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізсін.



Пед кеңес төрайымы:
Хатшы:

А.Баянова

А. Жақсылықова

БАЯНДАМА

«Ойын арқылы бала дамуының әсері»



Тәрбиеші: Ходжа-Ахметова К

Таушық ауылы, 2026 жыл

Тақырыбы: «Ойын арқылы бала дамуының әсері»

Кіріспе:

Балабақша – бұл баланың негізі қаланатын, мінез-құлық, ойлау, қарым-қатынас дағдылары қалыптасатын аса жауапты кезең. Осы кезеңдегі басты жетекші іс-әрекет — ойын. Ойын арқылы бала айналасындағы әлемді танып, өзінің мүмкіндіктерін байқап, сезімін білдіреді, үлкендер өмірін үлгі ретінде қабылдап, оны өз тәжірибесінде қайталай бастайды.

Ойын – жай ғана көңіл көтеру емес, ол баланың ақыл-ойын, тілін, эмоциясын, қимыл-қозғалысын, әлеуметтік мінез-құлқын дамытатын табиғи тәрбие құралы. Сондықтан балабақшада ойын әрекетін мақсатты ұйымдастыру — педагог жұмысының маңызды бағыты.

Негізгі бөлім:

Ойын баланың ішкі белсенділігін оятады. Ол өз қызығушылығы негізінде әрекет етеді, қателесіп көріп, қайта түзетеді, шешім іздейді. Осы үдерісте бала ойлануды, салыстыруды, себеп-салдарды түсінуді үйренеді. Ойындық жағдаяттар баланың қиялын, елестету қабілетін дамытады, жаңа рөлге еніп, өзіне таныс емес мінез үлгілерін байқап көруге мүмкіндік береді. Мұндай тәжірибе кейінгі өмірде түрлі жағдайға бейімделуді жеңілдетеді.

Баланың тілі де ойын барысында қалыптасады: ол келіседі, сұрақ қояды, жауап береді, оқиғаны баяндайды. Осылайша сөздік қоры молайып, сөйлеу мәнері анықталады.

Ойын – баланың басқа адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренетін кеңістігі. Бірге ойнау кезінде балалар келісуді, кезек күтуді, ережені сақтауды, бір-бірінің пікірін ескеруді меңгереді. Ұжымдық ойындарда өзара көмек, жанашырлық, жауапкершілік сияқты қасиеттер біртіндеп қалыптасады. Бала ренішін білдірудің, қуанғанын бөлісудің қабылданған тәсілдерін үйренеді, эмоциясын басқара бастайды.

Ойын кейде баланың ішкі уайымын, қорқынышын жеңілдететін қауіпсіз арнаға айналады.

Ойындық әрекет зерттеу қызметімен тығыз байланысты. Бала заттардың қасиетін байқап көреді, сұрақ қояды, бақылау жүргізеді. Осылайша танымдық қызығушылығы артады, жаңа білімге ұмтылысы күшейеді. Шығармашылық ойындарда бала еркін қиялдап, бейнелер ойлап табады, оқиға құрастырады. Бұл қабілеттер кейін оқу іс-әрекетінде, жазуда, сурет салуда және басқа да салаларда жемісін береді.

Ойын өзінен-өзі пайдалы бола салмайды — оны педагог сауатты ұйымдастырғанда ғана тәрбие құралына айналады.

Тәрбиеші ойынды мақсатқа бағыттап жоспарлайды, мазмұнын балалардың жас ерекшелігі мен мүмкіндігіне сай таңдайды, ойынды байытып, жаңа рөлдер енгізеді, дау-жанжал туындаса, мәдени жолмен шешуге бағыттайды.

Сонымен бірге ол балалардың бастамасын қолдап, шамадан тыс бақылауға жол бермей, еркіндік пен тәртіптің тепе-теңдігін сақтайды. Осылайша ойын — тәрбиеші мен бала арасындағы серіктестікке негізделген әрекетке айналады.


1. Ойынның балалардың дамуына әсері.



Ойын барысында бала әртүрлі тапсырмаларды орындайды. Логикалық ойлау қабілетін дамытады. Түрлі ойындар арқылы оларды талдайды, шешімін табады. Бұл баланың ақыл ойының дамуына ықпал етеді. Ойлау қабілеттері мен есте сақтау қабілеттері жетіледі.

2. Әлеуметтік және эмоционалдық дамуға әсері.

Ойын кезінде бала өзіне әртүрлі рөлдер тандайды. Бірлесіп ойнай отырып, басқа балалармен қарым-қатынас орнатады. Осылайша, ынтымақтастық, өзара түсіністік, достық сияқты құндылықтарды үйренеді. Олар эмоцияларын бақылап, өз сезімдерін білдіру керектігін түсінеді. Бұл ойындар арқылы бала өзін және басқа адамдарды түсінуге, адамгершілікті, құрметтеуді үйренеді.



3. Физикалық даму әсері

Кейбір ойындар баланың физикалық дамуына ерекше әсер етеді. Қозғалмалы, қимылды ойындар бала денесінің деңгейін арттырады. Бұл баланың денсаулығына оң әсер етеді. Сондай-ақ, физикалық белсенділігін қалыптастырады.



4. Шығармашылық қабілеттерінің дамуы.

Ойын-шығармашылықты дамытуға арналған маңызды құрал болып табылады. Балалар рольдік ойындар, қиялға негізделген әрекеттер арқылы жаңа әлемдерді ойлап табады. Ойлау процесінде шығармашылық қабілеттері мен дербестіктері дамиды.



Қорытынды:

Ойын әрекеті бала өмірінде маңызды орын алады. Ойын-тек көңіл көтеру ғана емес, баланың физикалық, шығармашылық, әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді. Сондықтан, баланы дамытуда ойынның маңызы зор екенін түсіну керек. Ойын-баланың жан-жақты дамуына ықпал ететінін түсіндім. Ол танымдық, әлеуметтік, эмоционалдық және физикалық қабілеттерді баланың бойына жетілдіреді деп ойлаймын.

(Баяндама)

*«Экологиялық мәдениетті қалыптастыру –
баланың табиғатқа жанашырлық көзқарасын
дамыту негізі»*



Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б.

Таушық ауылы, 2026 жыл.

Баяндама тақырыбы: Экологиялық мәдениетті қалыптастыру – баланың табиғатқа жанашырлық көзқарасын дамыту негізі

Қазіргі таңда экологиялық тәрбие – балабақшадағы тәрбиенің маңызды бағыттарының бірі. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру, қоршаған ортаны қорғауға үйрету – біздің басты міндетіміздің бірі.

Экологиялық мәдениет – бұл табиғатты түсіну, оны қорғау және аялау дағдыларының жиынтығы. Бұл мәдениет баланың кішкентай кезінен қалыптасуы тиіс. Сондықтан балабақшада экологиялық тәрбиені жүйелі түрде жүргізу аса маңызды. К. Д. Ушинский «Баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін атап көрсеткен. Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. 5-6 жастағы балалар табиғат және ондағы көптеген заттар, құбылыстар жайлы мағлұматтардан хабардар болады. Жыл мезгілдеріне сәйкес /күз, қыс, көктем, жаз/ күзде жапырақтар сарғаятыны, құстардың жылы жаққа ұшатыны, тұманды, жаңбырлы күндердің көп болатыны т.б. бала түйсігінде із қалдырмай қоймайды. «Күз» дегенде «жапырақтар сарғайып түседі» — деген ойдың пайда болуы оларды күнделікті өмірмен тығыз байланыстырады. Себебі, күзде баланың таза ауада жапырақтармен ойнайтын кезі аз емес.

4-5 жастағы бала жылдың төрт мезгілін бір-бірінен ерекшеленетінін толық айтып бере алмайды. Бірақ, күзден кейін қыс, көктемнен кейін жаз келетінін біледі. Сонымен қатар бала күнделікті көріп жүрген қой-ешкі, сиыр мен жылқы сияқты үй жануарларын, хайуанаттар әлемінен көрген ит, қасқыр, түлкі, сияқты аңдар мен құстарды таниды. Бес жастағы бала табиғаттағы шындық пен ертегідегі жағдайларды бір-бірімен шатастырады да, оларда мынадай ойлар тууы мүмкін.

Бала осы сөздермен мысық пен кірпінің ерекшелігін толық сипаттадым деп ойлайды, ал шын мәніндегі ой-түсік кейін келе қалыптасып, жетіле береді. Осыған сәйкес , «Өсімдіктер әлемі» тақырыбын өткенде, балаларды балабақша ауласындағы ағаштармен, гүлдермен, шөптермен таныстырып, олардың жылдың әр мезгіліне сай өзгеріп отыратындығын түсіндіріп өткен жөн.

1. Табиғат бұрышындағы жұмыс

Балабақшадағы табиғат бұрышы – балалардың табиғатпен тікелей байланыс жасайтын орны. Мұнда балалар гүлдерге су құяды, жапырақтарын сүртеді, жануарларға күтім жасайды. Осындай қарапайым еңбек әрекеттері арқылы балаларда жауапкершілік, қамқорлық сезімі қалыптасады.

Балалар табиғат бұрышында еңбек ете отырып:

- өсімдіктердің өсуін бақылайды;
- тірі ағзаларға жанашырлықпен қарауды үйренеді;
- табиғатты қорғаудың маңызын түсінеді.



2. Серуен кезіндегі экологиялық тәрбие

Серуен – балаларға табиғатты танытудың ең тиімді жолы. Серуен барысында балаларға:

- ағаштарды сындырмау,
- гүлдерді жұлмау,
- қоқыс тастамау

сияқты қарапайым ережелер үйретіледі. Тәрбиеші балалармен бірге табиғатты бақылап, оның әсемдігін сезінуге, қорғауға бағыттайды. Балалар табиғат құбылыстарын бақылау арқылы қоршаған ортаға қызығушылық танытады.



3. Балалардың әңгімелері мен түсініктері

Балалармен жүргізілетін әңгімелер экологиялық тәрбиенің маңызды бөлігі. Табиғат туралы әңгімелесу барысында балалар:

- табиғатты қорғау туралы өз ойларын айтады;
- жақсы мен жаманды ажырата біледі;



- табиғатқа зиян келтірмеу керектігін

түсінеді.

4. Экологиялық акциялар мен іс-шаралар

Балабақшада экологиялық акциялар ұйымдастыру – өте тиімді әдіс. Мысалы:

- «Таза аула» акциясы,
- ағаш отырғызу,
- гүл егу,
- қоқысты сұрыптау шаралары.

Мұндай іс-шаралар балалардың табиғатқа деген жауапкершілігін арттырып, белсенділігін дамытады.



5. Табиғатқа жанашырлық сезімін қалыптастыру

Балаларды табиғатқа жанашырлықпен қарауға үйрету – тәрбиенің негізі. Ол үшін:

- үлгі көрсету,
- табиғат туралы ертегілер оқу,
- ойындар мен тәжірибелер өткізу маңызды.

Балалар табиғатты жақсы көрсе, оны ешқашан бүлдірмейді.



Қорытынды

Қорыта келе, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – үздіксіз жүргізілетін процесс. Табиғат бұрышындағы еңбек, серуендер, әңгімелер мен экологиялық акциялар арқылы біз балаларды табиғатты қорғауға, аялауға тәрбиелейміз.

Бүгінгі кішкентай бүлдіршін – ертеңгі табиғатты қорғаушы азамат. Сондықтан олардың бойында табиғатқа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілікті қалыптастыру – біздің ортақ міндетіміз.

<https://www.facebook.com/share/v/1GYHjKyQWq/>

